

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 5 ақпандағы N 88 және 1999 жылғы 27 сәуірдегі N 484 қаулысына толықтырулар мен өзгеріс енгізу туралы

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 7 тамыздағы N 1111 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 20 ақпандағы N 171 Қаулысымен

*Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.02.20. N 171 Қаулысымен.*

Орталық Азияның экономикалық одаққа қатысушы мемлекеттері Премьер-Министрлерінің 1999 жылғы 17 маусымда Бішкек қаласындағы кездесуінде қаралған мәселелерді реттеу жөніндегі Қазақстан Республикасы мен Қырғыз Республикасы Үкіметтік делегациялары мәжілісінің хаттамалық шешімін орындау үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының кейбір шешімдеріне мынадай толықтырулар мен өзгерістер енгізілсін;

1) "Экономикалық жағдайды тұрақтандыру және отандық тауар өндірушілерді қорғау жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 5 ақпандағы N 88 Р990088\_ қаулысында (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 1999 ж., N 3, 23-құжат):

3-тармақ "және 6 ай бойы қолданылады" деген сөздермен толықтырылсын;

көрсетілген қаулының қосымшасында:

"Жылдам ашытқылар 210210

М а р г а р и н 1517

М а й о н е з 210390900

Темекі және темекіні өнеркәсіптік 24

а л м а с т ы р ғ ы ш т а р ,

шикізаттан басқа 2401"

деген жолдар алынып тасталсын;

"Алкогольді және алкогольсіз сусындар 22" деген жол:

"Бішкек - Кока-Кола" өнімінен басқасы" деген сөздермен толықтырылсын.

2) "Қазақстан Республикасына цемент әкелуге шектеулер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 27 сәуірдегі N 484 Р990484\_ қаулысында (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 1999 ж., N 15 156-құжат):

1-тармақ "цементтің импортына" деген сөздерден кейін, ", арнайы маркалы цементті қоспағанда" деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы 2-1 және 2-2-тармақтармен толықтырылсын:

"2-1. Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігі мен Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігі Кеден комитетінің бірлескен бұйрығымен айқындалатын, арнайы маркалы цемент ретінде, Қырғыз Республикасынан портландцементті, глиноземді, шлакты, суперсульфатты және соған ұқсас гидравликалық боялған немесе боялмаған, даяр немесе клинкерлер нысанындағы цементті (ТМД СЭҚ ТН коды 2523) импорттау сандық шектеулерсіз 1999 жылғы ІІІ тоқсанның аяғына дейін жүзеге асырылады деп белгіленсін.

2-2. Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігі заңдарда белгіленген тәртіппен 2-1-тармақта көрсетілген цементті импорттауға тиісті лицензиялар беруді қамтамасыз етсін және берілген лицензиялардың тізілімін он күн сайын Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің Кеден комитетіне ұсынып отырсын".

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-Министрі*